

References

- 1 Vostryakov L.E. *Cultural policy: concepts, models*, <http://www.cpolicy.ru/analytics/80.html> (date of address: 25.02.2015).
- 2 Discussion of the concept of cultural policy in the Republic of Kazakhstan, http://www.mk.gov.kz/rus/zakonodatelstvo/obsuzhdenie_proekta/?cid=0&rid=2289 (date of address: 27.02.2015).
- 3 *Resolution of the Government of the RK № 1161 «On approval of the Program of cultural development for the period 2006–2008»*, Astana, 2005.
- 4 Kashchaev A.E. *National security issues in the context of East-Siberian region*, http://mion.isu.ru/filearchive/mion_publications/sb-natbez/1_8.html (date of address: 2.02.2015).
- 5 *Law of the Republic of Kazakhstan on culture*, http://www.invalid.kz/modules/editor/editor/wysiwygpro/site_files/Zakon/akt/9.1.html (date of address: 22.01.2015).
- 6 *Humanitarian culture as a factor in human security*, <http://inbelhist.org/gumanitarnaya-kultura-kak-faktor-gumanitarnoj-bezopasnosti/> (date of address: 2.03.2015).

ӘОЖ 94 (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Қазақ хандығы: қалыптасуы, дамуы, күйреуі

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай

Мақалада XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары қарастырылған. Қазақ халқының жекелеген бөліктерінің әр түрлі мемлекеттердің құрамында саяси бытыраңқылығын жоюға ұмтылыс жасау қазақтың алғашқы хандары — Керей мен Жәнібек үлесіне тигені айтылған. Қазақ рулары мен тайпаларының жаңа мемлекет — Қазақ хандығы — құрамына бірігуі күрделі болғаны көрсетілген. Қазақ хандығының қалыптасуы, оның ішкі дамуы, өзіндік құндылықтар жүйесі, халықтың ерекше ұлттық сипаты беріктілік сынына талай рет түскендігі туралы қорытынды жасалған. Сөз және ой-пікір бостандығы мүмкін болған қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында көрнекті хандардың, соның ішінде қазақ жүздерінің соңғы ханы — Абылай ханның немересі — Кенесары Қасымовтың ұмыт болған есімдері қайта жаңғырғаны дәлелденген.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, үкімет, құрылтай жиналысы, билер кеңесі, басқару, ұлыс, мақсат, мүдде, Жеті жарғы, күйреу, ұлт-азаттық қозғалыс.

Қазақ хандығы — халқымыздың ұлттық сипаттағы мемлекеті


2015 ж. Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтергеніне 550 жыл толып отырғаны баршаға аян.

Алғашқы қазақ хандары құрған мемлекеттің басқару жүйесі сол заманға сай болды. Соның арқасында осынша үлкен аумақты биледі. Керей мен Жәнібек құрған хандық Кенесары заманына дейін төрт ғасыр бойы өмір сүрді.

Өкінішке орай, кеңестік ойлау тұрғысы тарихымыздағы ұлы тұлғаларды: хандарды, билерді, байларды халықтың қанын сорғыш шынжыр балақ, шұбар төстер етіп көрсетті. Әулие, Тәуіп, атақты бақсылардың істері діни көзқарастың сарқыншағы түсінігімен шектелді.

«Хан» сөзі біздің ұғымымызда қолында қанды қылышы бар, ақылы кем, өз бетімен іс тындыра алмайтындар болатын. Әділетсіз, тақ үшін ғана өмір сүріп отырған, халықпен санаспайтын, оның мүддесін қорғамайтын адам ретінде көрсетілді. Аузы дуалы «билеріміз» ханның қолшоқпары түрінде берілді. Ал «қазақ байларына» деген көзқарас тіпті «ерекше» болатын. Санамызда надан, қатыгез, адамгершіліктің қарапайым белгілерінен де жұрдай адамдар бейнесі қалыптасты.

Хандық үкімет көшпелі өркениет елдеріндегі алғашқы мемлекеттік басқару жүйесі, Үкіметтің бұл басқару түрі алғаш ру-тайпа көсемдерінің іскерлігінен, ақыл-парасаттылығынан, ел басқара білу қабілетінен туған. Ондай көрнекті адамдарды халық сайлаған [1].




Хан өзінен кейінгі сұлтан, билердің көмегімен билік жүргізген хандық билік мұрагерлікпен беріліп, тек сұлтан атағы бар адам ғана хан тағына отырған. Ол Шыңғыс тұқымдарына ғана берілген.


Қазақ қоғамында хан сайлауына ерекше мән берілген. Сайлауға сұлтандар, ұлысбектер, билер, ақсүйектер, беделді халық өкілдері қатысқан.

Ертеден келе жатқан салт бойынша хан сайлайтын адамды ақ киізге отырғызып, ең беделді сұлтан-билер үш рет көтеріп «Хан! Хан! Хан!» — деп айғайлаған. Одан кейін сол киізді «тәбәрік» деп, бір жапырақтан бөлісіп алған.


Ханның бес құқығы мен бес міндеті келесідей болған:




Хан бұл құқықтары мен міндеттерін «Хан кеңесінде» өзінің кеңесшілері, әскербасшылары арқылы жүзеге асырған. Хандықты билеуде Құрылтай жиналысының маңызы зор болған:



Хан жанындағы «Билер кеңесі» басқару жүйесіндегі маңызды буын. Бұлар басты төрт қызметті атқарған:




Ұлыс — Қазақ хандығының басты саяси-экономикалық басқару жүйесі. Ұлысты Шыңғыс хан тұқымдары басқарған:



Ұлыс сұлтандары ұлыстың әскерін құрып, оған қолбасшы болған. Оның аумағының жері де билеуші сұлтанның меншігі болды. Ұлыс тұрғындарын «ел» немесе «халық» деп атаған. Жерін «жұрт» деп атаған. Ұлыстың белгілі аты болмаған, ұлыс иесінің атымен атаған.

Қазақ халқы әлеуметтік құрамы жағынан екі топқа бөлінген [1; 58]:

1. Феодалдар — бұларға Шыңғыс тұқымынан шыққан ақсүйектер-сұлтандар, қожалар жатты. Бұлардың екінші сатысында — билер, бай-шонжарлар, батырлар, ақсақалдар тұрды. Ақсүйектерді «төре», немесе «оғлан», деп атаған:



Ақсүйектерге қарама-қарсы халықтың өзге тобын қарасүйек деп атаған. Бұларға жергілікті ру-тайпа адамдары жатты. Қарапайым халық сұлтандардың атын атамай, «төре», немесе «тақсыр», деп атаған.

2. Қарапайым халыққа — қараша, қара кісі, шаруа, бұқара, құл-құтан деген сөздер қолданылған. Қараша — мал-мүлкі, өзіндік құқығы бар еркін адам. Хандық қоғамның төменгі сатысында қатардағы малшылар тұрды. Бас бостандығы жоқ ер адамдарды құлдар, ал әйелдерді күндер деп атаған. Соғыс кезінде қолға түскен тұтқындар немесе қарызын, алым-салығын өтей алмаған адамдар құлдықта жүрді. Құлдардың ешбір куәлік беруге құқығы болмаған. Қожайыны оған қандай қаталдық жасап жатса да, оларды ешкім қорғамаған.

Керей мен Жәнібек (Әз Жәнібек) — алғашқы қазақ хандары

XV ғасырда бүгінгі Қазақстан аумағында Шыңғыс хан ұрпақтарының — Орда, Шибан және Тоқай-Темір әулеттері арасында тайталасқан күрес жүріп жатты. Жошының бесінші ұлы Шибан ұрпақтары үшін бұл күрес неғұрлым табысты болды. Шибан әулетінің өкілі Әбілқайыр 1428 жылы жаңа саяси құрылымның билеушісі болып жарияланды, бұл мемлекет тарихи әдебиетте хандықтың негізін салушының есімімен «Әбілқайыр хандығы», немесе «Көшпелі өзбектер мемлекеті», деген атау алды. 1459 жылы Әбілқайырмен болған көпжылғы күрестен кейін, Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнің ұрпақтары, Орыс ханның немерелері, Керей мен Жәнібек қол астындағы тайпалармен Жетісу жеріне көшіп кетті.

Қазақ тарихының атасы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Қазақ хандығының құрылуын хижраның 870 ж. деп көрсетеді. Бұл біздің жыл санауымыз бойынша 1465–1466 ж. сәйкес келеді.

Ата дәстүр бойынша Қазақ хандығының тақ иесі жасы үлкен Керей хан болды да, қазақ тарихындағы айрықша тұлға Жәнібек Орданың ақыл иесі болады. Оның тарих бетінде Әз Жәнібек хан аталуындағы «Әз» сөзі — арабтың ғазиз деген сөзінің өзгерген түрі болып, қадірлеу, сыйлауға қаратылған. Демек, ол көсегесін көгерткен ақылды да әділетті әміршісіне деген елінің естен кетпес ескерткіші үшін Әз Жәнібек хан деп аталғаны хақ.

Керей мен Жәнібек өз ұлыстарымен атамекені Сыр бойына оралып, осында Керей ханның басшылығымен алғашқы Қазақ Ордасының іргесі бекіген. Оның маңындағы ру, тайпаларға бөлінген халықтар осында өз еркімен қосылып іргелі елге айналды. Хан жанында дала данышпаны Асан Қайғы отырды. Керей хан Болатұлы 10 жылдай билік құрып, Хантауда жерленген.

Жәнібек Барақұлы — Қазақ Ордасының тұңғыш ханы Кереймен бірлесіп, Қазақ мемлекетінің іргесін қалаушылардың бірі. Әкесі Барақ XV ғасыр басында Ақ Орда мен Алтын Орданы билеген. Жәнібектің ата-бабалары ел билеп, мемлекет билеушісі, хандық құрған адамдар болса, өзі 1473–1480 жылдары қазақ ханы болды.

Керей хан мен Әз Жәнібек хан екеуі қол ұстаса қимылдап, Қазақ хандығының күш-қуатын еселеп арттырып, мәртебе-мерейін аспандата көтерді. Қазақ Ордасының астанасы қасиетті Түркістан қаласы, біртұтас қазақ халқының ұраны — «Алаш», мемлекеттің таңбасы — «Төре таңба» болып белгіленді.

Басқаруға қолайлы болу үшін жалпы қазақ қауымы үш жүзге, жүздер ұлыстарға, ұлыстар арыстарға, арыстар тайпаларға, тайпалар руларға, рулар аталарға, аталар ауылдарға бөлінді. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды билер, руларды рубасылар, аталарды ақсақалдар, ауылдарды ауылнайлар басқарды.

Үш жүзді Ұлы хан биледі. Жалпы Қазақ хандығы дәуіріндегі (XV ғасырдың басты жарымынан XVIII ғасырдың соңғы жарымына дейін) хандардан Ұлы хан әулеті есімінде Әз Жәнібек хан, ол қазақ жұртының іргесін бекітіп, Ордасын орнықтырған Ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар жақсылығына ұйытқы болған Асыл рух, Ұлы әулеттің де негізін салушы. Қазақ Ордасының күдіретті әміршілері, қазақ халқының ұлы Перзенттері: Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Әз Тәуке хан, Абылай хан, Көкжал Барақ сұлтан, ең соңғы Кенесары хан — барлығы да осы әулие Әз Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары екендігін атауға болады [2; 107].

1468 жылы қарсыластарының күшейіп кетуінен қорыққан Әбілқайыр хан қазақ хандарына қарсы жорыққа шықты, алайда жолда ауырып, қайтыс болды. Ол өмірден өткеннен кейін Әбілқайыр хандығы құлады. Бұл жағдай 1469–1470 жылдары қазақ хандарының Шығыс Дешті Қыпшақ жеріне қайта оралуына мүмкіншілік берді. Бұл жерде оларға қарсылық ұйымдастыру Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбанидың ғана қолынан келді. Қазақ хандарының онымен күресі алма-кезек

нәтижемен XV ғасырдың соңына дейін созылды. Өзбек тайпаларының бір бөлігін басқарған Шибан ұрпақтары Мұхаммед Шейбани басшылығымен XVI ғасырдың басында Қазақстан аумағынан Орта Азияға кетті. Онда олар Әмір Темірдің ұрпақтарын талқандап, жаңа мемлекет құрды.

Бұрындық хан тұсындағы Қазақ хандығы

Өз Жәнібектен кейін хан тағына оның баласы емес, аға баласы ретінде Керейдің ұлы Бұрындық отырды.

Сыр бойы қалаларының көпшілігі Жәнібек хан кезінде-ақ Қазақ хандығына қаратылған болатын. Бұрындық хан өзінің сенімді серігі, ержүрек әскербасы Қасыммен тізе қоса отырып, бұрынғы Көк Орда иелігіндегі аймақты түгелімен өзіне қаратып алуға тырысты.

Көк Орданың ежелгі астанасы Сығанақ, қасиетті Түркістан, ежелгі Отырар, атакты Сауран, Сайрам қамалдары, халықаралық сауда жолы — Жібек Жолы бойындағы ірі сауда орталықтары Қазақ хандығы иелігіне өтті. Бұларды қайтарып алу мақсатымен Мұхаммед Шайбани хан (Көк Орда ханы, Әбілқайырдың немересі) күш жинай бастады. Кезінде Ақсақ Темірдің иелігінде болған Орта Азияның бір бөлігін, Ауғанстан мен Қорасанды жаулап алған Шайбани, күшін топтап, Қазақ хандығына кезекті шабуылын дайындады. Тарихи деректерде Шайбани ханның Қазақ хандығына төрт рет шабуыл жасағаны айтылады. Қазақтарды үлкен шығынға ұшыратқаны — Шайбани ханның 1509 жылғы жорығы. Жер бедеріне қанық, әр маусымдағы елдің орналасу жағдайын жақсы білетін олар қазақтарға үнемі қыс кезінде, ел қыстауда, жұрт арасындағы қатынас қиын болатын кезеңге сәйкестеп шабуыл жасап отырды. Қақаған қыста Сырдарияның көкше мұзынан тікелей өткен жүз мың әскер қазақ елін тежеусіз тонап, елге зор шығын әкелді. Қазақ қолы елін табандылықпен қорғады. Бұрындық ханның өзі бастаған қазақ сарбаздары бұл ұрыста ерліктің небір үлгілерін көрсетіп, елін жасанған жаудан қорғап қалды.

1510 жылдың қысында Шайбанидың Ұлытау бағытында жасаған шабуылы Қасым қолының темір қыспағына тап болып, күйрей жеңіледі. Сөйтіп, Қазақ Хандығы Сыр бойы қалаларының көпшілігін өзіне қаратты [3].

Сонымен, Бұрындық ханның бастауымен Қасым қазақ әскерінің бас қолбасшысы ретінде, әкелері Керей мен Жәнібек құрған мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап, оның күш-қуатын арттыруға бар қабілеттерін жұмсады. «Бір жеңнен — қол, бір жағадан — бас шығарудың» арқасында елдің елдігін сақтай алды.

Қазақ хандығының Қасым хан тұсындағы дәуірлеу кезеңі

Қасым хан Қазақ Ордасының негізін салушы тарихи тұлғалардың бірі — Керей ханның немере інісі Өз-Жәнібек ханның бел баласы. Анасының есімі — Жаған-бегім: Шайбани ханның інісі Махмұд сұлтанның шешесінің туған сінлісі.

Сол кездердегі тарихи деректерде Қасымның тоғыз ағайынды болғандығы айтылады. Олар: Әдік, Қасым, Еренджі, Махмұд, Жаныш, Таныш, Қамбар, Ұснақ, Жәдік.

Осы ержүрек ағайындылар ішінде батырлығымен де, ақылымен де дара шыққан — Қазақ Ордасының болашақ ханы Қасым сұлтан болады. Оның өмірінің хандық дәуірі 1511 жылдан басталады.

Қасым хан Қазақ мемлекетін күшейтуді, оның жерін кеңейтуді және халқының санын көбейтуді мақсат етті. Оларды абыроймен орындады да. Қасым тұсында Қазақ Ордасы жері бұрынғы Көк Орда жерінен де кеңейді. Сыр бойы қалаларының көбі, дарияның орта ағысындағы басты-басты қалалар қазаққа қаратылды. Қасым өзі билік құрған тұста Өзбек хандығынан Сырдария бойын, Моғолстаннан Жетісу өңірінің үлкен бөлігін, Ноғай Ордасынан Ембі, Жайық пен Еділ аралығын өз хандығына қосты.

Өз тұсында Қасым хан Ордасын бірде Жетісуда, Қаратал өңірінде, бірде Шу бойында, енді бірде Аркада, Ұлытау етегінде, кейде батыста, Жайық жағасына ауыстырып отырды. Бұл да халқының жиын ортасында жүрген Қасымның өзіндік саясатының бір көрінісі еді. Осы мезгілде мемлекет шекарасы батыста Жайыққа дейін, оңтүстік-шығыста Іле мен Қаратал өзендерінің аралығына дейін, Ұлытаудан ары Еміл мен Ертіске дейін, оңтүстікте Сайрамға дейін жетті. Қазақ халқы өзінің осы күнгі мекен-тұрағын негізінен Қасым хан кезінде орнықтырды. Қасым ханның тұсында оның қол астына қараған халықтың саны бір миллионға жетті [2; 108].

Ежелден халқымыздың төл заңдары болғаны анық. Қазақ хандығының іргесін қалаушы бабаларымыздың бірі Қасым хан қазақ халқының әдет-ғұрыптық ереже тәртібіне мәнді өзгерістер

енгізіп, дамытып, зор «Жарғы», яғни заң, жасады. Кейін келе жұрт оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кетті. Бұл заңға кірген ережелер: Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу); Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза қолдану); Әскер заңы (қосын құру, аламанның міндеті, кара қазақ, ердің құны, тұлпар ат); Елшілік жоралары (майталмандық, заңгерлік, шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік); Жұртшылық заңы (ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеті).

Қасым хан тұсында қазақтар өз алдына дербес мемлекет есебінде Батыс Еуропаға мәлім болды. Қырым, Астрахан, Қазан хандықтарымен, Мәскеу княздықтарымен дипломатиялық қатынастар орнады. Жұртшылық хан билігінің күшін сезініп қана қоймады, ұлыстың күдірет-қуатын да анық пайымдайды, ешкімнің де шетте, қараусыз, қорғансыз қалмайтынын ұғады, елдің тұтастығын да айқын таниды [4].

Қасиетті Қасым хан 1521 жылы қыс айында 78 жасында қайтыс болып, Сарайшық қаласында жерленді.

Хақназар (Ақназар) ханның Қазақ хандығын 42 жыл басқаруы

Қасымнан кейін (1521–1538 ж. арасында) мирасқорлық жолмен аз жыл хан тағына отырып, аз жыл ел билеген Мамаш, Таһир, Бұйдаш, Ахмет, Тоғым хандар тұсында жетесіз басшылық, егесіздік көрген ел аңдыған аларман жаудың оңай олжасына айналған кер заманның кезі еді.

Өзара тартыс кезінде Қасым ханның ұлы мұрагері Мамаш қаза тапты. Қасым ханның немере інісі Таһир (1523–1532) хан болды. Оның айрықша елшілік және әскери қабілеті болмады. Маңғыт және Монғол хандарымен әскери қақтығыстар басталды. Бұл соғыстар қазақтар үшін сәтсіз басталды. Қазақ хандығы оңтүстіктегі және солтүстік-батыстағы жерінің бір бөлігінен айрылып, оның ықпалы тек Жетісуда сақталып қалды. Таһир ханның інісі Бұйдаштың (1533–1534) тұсында да феодалдық қырқысулар мен соғыстар тоқталған жоқ.

Бір кездегі Керей мен Жәнібек негізін салып, Бұрындық (Мұрындық) пен Қасым әрі қарай шыңдаған елдік қасиет өзінің арнасынан жаңыла жаздап, қыл үстінде тұрғанда қазақ халқының бағына, кешікпей-ақ кешегі қасқа жолды Қасым хан дүние салғанда жас қалған ұлы Хақназар (Ақназар) хан (1538–1580) ел тізгінін ұстады. Қазақ Ордасының қайтадан нығаюы, Қасым хан заманындағы деңгейін тауып, іргелі, қуатты ұлысқа айналуы — Хақназар ханның есімімен байланысты.

Хақназар ханның Қазақ хандығын шық шығармай 42 жыл басқаруынан-ақ, оның барша іс-әрекетінен асқан шеберліктің қасиеті айқын аңғарылады. Қазақ хандығының 300 жылдан артық тарихында Хақназардай ұзақ жыл ел билеген хан болған емес. Ол ел басқару, қиын-қыстау әскери-саяси істер жағында қажырлы да қабілетті қайраткер болды, оның үстіне аса күрделі сыртқы жағдайларда дипломатиялық дарыны мол майталман екендігін көрсетті.

Өз әкесінің ізімен жүріп, оның ұлы ісін мұрат тұтқан хан Қазақ Ордасының іргесін одан әрі бекітіп, кемелді мемлекетке айналдырды. Орда шегін Еділге дейін кеңейтті. Шығыстан әлсін-әлсін шабуыл жасап тұратын қалмақтардың бетін қайтарды. Сол кездегі қуатты мемлекет Моғолстанға қарсы табанды күрес ашып, жеңіске жетті. Оңтүстікте қазақтың қапысын аңдып отырған Өзбек, Бұхар хандықтарына қарсы күрес ашып, Түркістан мен Сауранды, Ташкентті қазақ жеріне қосып алды.

XVI ғасырдың орта кезінде Еділдегі орыс басқыншылығы кезінде Қазан хандығы мен Ноғай ордасы ыдырап жатқан кезде Қазақ хандығы күшейе түсті. Башқұрт, қырғыз халқы Қазақ ордасының бауырлас қолтығына енді. Хақназардың күдіретті есімі орыс патшасы Иван Грозныйға да мәлім болды.

Ақназар ханның тұсында хан ордасы жүргізген тиімді ішкі, сыртқы саясаты арқасында Қазақ хандығының, оның көшпенді қазақ жұртының алыс-жақын елдерімен — бірінші кезекте іргелес, Хиуа, Сібір, Қазан хандығы мен Моғолстан елдерімен, сол тараптағы Баласағұн, Асфара, Тараз, Самарқан мен Бұхар, Өргеніш, іргедегі Сығанақ, Сауран, Баршынкент пен Исфиджаб, Яссы, Маданкент сияқты көптеген кент, шаһарлармен сауда-саттық, мәдени байланысы орнықты.

Шығыстан келер қалың жау — ойрат, шүршіт, қалмақтарға, күнгей жақтан қаптайтын қызылбасқа қарсы жосынды-жорықтар тынған тылсымды-тыныш, бейпіл-бейбіт жылдарда Арқа мен

Шу бойы, Жетісу, Талас, Қаратаудан базар-ошарлатып қалың малын айдаған қазақтың күнгейдің көк күмбезді, зәулім қақпалы қала, шаһарларынан тай-тай пұл, қант-шайы мен жиһаз-тауарларын артқан түйелі керуендері кең даланың шартарабына қаздай тізіліп келіп жатты [5].

Хақназар ханның қазақ ұлысының тәуелсіздігі мен оның ықпалды мемлекет жолындағы мақсат, мүддесі көп еді. Алайда Қазақ Ордасының одақтасы, Ташкент уалайатының әміршісі Баба сұлтан кезекті жорық үстінде Хақназарды және оның бірнеше батырларын опасыздықпен өлтірді.

Шығай және Тәуекел хандардың тұсындағы Қазақ хандығы

XV–XVI ғасырлар Қазақ хандығы тарихының маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл ғасырдағы Қазақ хандығының саяси тарихын шартты түрде 1457–1470 жж. хандықтың құрылуы, 1470–1521 жж. аралығы күшеюі мен нығаюы, 1521–1538 жж. хандықтың «уақытша әлсіреуі», 1540–1598 жж. хандықтың қайта көтерілуі немесе этникалық территориясының қалыптасуының аяқталу кезеңі деп бөлуге болады. Әрбір кезеңнің басты белгілерін хандықтың сол тұстардағы ішкі және сыртқы саяси жағдайының қандай болғандығы, жекелеген хандардың жүргізген саясаты, сонымен қатар билік басындағы хандардың жеке тұлғалық қасиеттері арқылы анықтауға болады. Керей мен Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Хақназар, Шығай, Тәуекел хандардың билік құрған кезіндегі Қазақ хандығының саяси жағдайы осыған дәлел [6].

Хақназар хан қаза болғаннан соң, оның орнына Жәдік сұлтанның баласы Әз Жәнібек немересі Шығай (1580–1582) хан болды.

Белгілі ғалым Қойшығара Салғараұлы Шығайдың хандық билікке келуінің үш себебі бар деп көрсетеді. Олар: «Біріншісі — Шығай сұлтанның өзінің жеке басының елге сыйлылығы. Оның көзсіз батырлығы жөнінде халықтың (XIX ғ.) әлі күнге дейін жыр қылып, тамсана айтатынын дәлел етуге болады. Екіншісі — Шығайдың ұлдарының (Тәуекел, Есім, Ондан және т.б.) хандыққа тіреніш, ханға демеу болғаны. Үшіншісі — Шығай Қазақ хандарының іргелі тұқымы Жәнібектің кенже ұлы Жәдіктің баласы болды. Және де Абдолланың әкесі Ескендірдің таққа отырып, ал, баласы оның атынан барлық істі тындыруы сияқты, Тәуекел де өз әкесін хан етіп, өзі барлық істерге белсене қатысып жүрген» [7], — дейді.

Шығай хан билік құрған кезінде Хақназарды өлтірген Бұхар ханы Абдолла II (1557–1598) тұсында Ташкент маңын билеген Норазахмет (Барақ) ханның баласы Баба сұлтаннан өш алумен болды. Сол жорық кезінде қаза тапты.

Бірақ көптеген тарихшылар Шығай хан Мауреннахрда, өз елінен тысқарыда қайтыс болды дейді, осыған байланысты түрлі пікірлер айтады.

Мысалы, тарихшы М.П. Вяткин Шығайдың Мауреннахрға келуін, оның Бұхара хандығына өтуі деп қабылдайды да, оны қазақ ханының өз қуатының әлсірегенін сезіп, Абдолладан пана іздеуі деп түсіндіреді. Ал, А.П. Чулошников қазақтардың Талас өзені жағасында Баба сұлтанмен күресте жеңіліс табуы оларды сыртқы қатынастарда әлсіретіп тастады, өйткені оларға бүлікші Баба сұлтанмен Шағатай ұрпақтарынан шыққан моғол хандары екі жақтан қауіп төндірді дейді. В.П. Юдин Шығай ханды қазақтардың өзге хандары қуып жіберген дейді. Ал, М.Х. Әбусейітова Шығай ханды қазақтардан бөлініп, халқына қорғанды болып, Шайбанилер арасына кетіп, жалғыздықта өлген Тахыр хан секілді дүниеден өтті деген тұжырымдар жасайды. Осы пікірлерді Қойшығара Салғараұлы ешбір негізсіз деп тауып: «Шығай хан Абдолла сұлтаннан Ходжентті алып, мұнда Нақшбанд ұйымының сопыларының қоршауында болған. Ол сырттан қаңғып өлмеген, ресми түрде қазақтың ханы атанған күйінде, өз жөнімен, өз ажалымен, өз иелігі Ходжентте жарық дүниемен қоштасқан» [7], — дейді.

Барлық жағдайды саралап қарасақ, қазақтың ханы болған, көпке сыйлы, кәрі адам, балалары да болашақ хандар Тәуекел, Есім сұлтандар өз әкелерін қаңғытып, өлімге душар ету ата салтымызда жоқ. Сондықтан да Шығай ханды қаңғып өлді деуге негіз де жоқ секілді.

Деректер бойынша, Шығайдан көп ұрпақ қалған. Оның әйелдері де көп болған. Қадырғали Жалайыр өз еңбегінде (Шежірелер жинағы / Шағатай — қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. — Алматы, 1997, 121-б.) Шығай ханның үш әйелін ерекше атап өтеді. Біріншісі — Байым бегім. Одан Сейдікүл сұлтан, Онан сұлтан, Алтын ханым; екіншісі —

шағатайлық Яқшым бегім. Одан Тәуекел хан, Есім хан, Сұлтан-Сабырбек ханым; үшіншісі — Бұрындықтың қызы Дадим ханым. Одан Әлі сұлтан, Сұлұм сұлтан, Ибрахим сұлтан, Шахым сұлтан.

Шығай қайтыс болғаннан кейін хандық билікке оның ұлы Тәуекел келді. Тәуекел (Тевекел, Тевкел, Тауке, Тукай) шағатайлық Яқшым бегімнен туылған Шығай ханның ұлы. Оның тұсында Ресей мемлекеті мен Қазақ хандығы арасында дипломатиялық қатынас күшейе түсті. Ресейдің мұндағы мақсаты: Қазақ хандығымен одақтасып, Сібір ханы Көшімге қарсы күресу, осы одақтасты пайдаланып, Орта Азия хандарымен келіссөз жүргізу еді. Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына шығу үшін белсене күресті.

1583 жылы ол бұрынырақ Бұқарамен жасалған шартты бұзып, Сырдария бойындағы қалаларды алып, Ташкент, Андижан, Акси, Самарқанд сияқты қалаларды қазақ хандығына қаратты. Тәуекел хан алғаш рет 1594 жылы Мәскеуге достық қарым-қатынас орнату мақсатында Құлмұхаммед бастаған қазақ елшілігін жіберді [8].

1598 жылы Тәуекел хан Шайбанилердің жерін жаулап алу үшін белсенді қимылға көшеді. Ол Түркістаннан Мауреннахрдағы Акси, Әндіжан, Ташкент, Самарқандты Мийанқалаға дейін басып алып, Есім сұлтанды 20 мың әскермен Самарқандта қалдырады. Ал, өзі 70–80 мың әскермен Бұхараға беттейді. Бұхарада небәрі 10–15 мың әскермен Пір Мұхаммед (Шайбанилық сұлтан) қаланы бекітіп, 11 күн бойы қаладан шықпайды. Он екінші күні Бұхараның барлық халқы шығып, кескілескен күрестен кейін Тәуекел ханның әскері жеңіліс табады. Мұны естіген Есім сұлтан ағасына артқа шегін деп өтінеді. Сөйтіп, олар шегініп, жорыққа қайта дайындалады. Осыдан кейін Пір Мұхаммед әскері Тәуекел әскерінің артынан қуып келеді. Екі жақ әскері ашық далада Ұзын сақал деген жерде қайта соғысады.


Бір айдай күрестен кейін, көп сұлтандар мен ерлер қаза табады. Осы күресте Тәуекел хан да қатты жараланып, Ташкентке оралады. Сөйтіп, осы жерде Қазақ ханы көз жұмады.

XVI ғасырдың соңында Мауреннахрды билеп-төстеген Шайбанилық әулеттің дәуірлеуі аяқталды, ал қазақтарды бастаған Тәуекел хан өзінің жеңісімен көздеген мақсатына жетті. Осылайша, Қазақ хандығы бір ғасыр бойы Түркістан аймағы үшін күресті, ол күрестің босқа кетпегендігін тарихтың өзі дәлелдеп берді. Міне, XVI ғ. Қазақ хандарының жүргізген саясаты тарихта өз таңбасын қалдырды. Ал талай-талай қиян-кескі жағдайларды басынан өткеріп келе жатқан Қазақ хандығы бұл кезеңнің қиындықтарына да төтеп беріп, өз тәуелсіздігін сақтап қалып, өміршең Қазақ мемлекеті екенін тарихта тағы бір дәлелдеді.

Алты Алашқа белгілі «Есім хан салған ескі жол»

Еңсегей бойлы ер Есім — қазақ ханы, Шығай ханның ұлы, ол Қазақ хандығына Түркістан шаһарын түпкілікті астана етіп, билік жүргізген. Сұлтан кезінде-ақ ағасы Тәуекел ханмен бірге Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді Қазақ хандығы құрамына қосқан. Ол 1598 жылы Тәуекел Бұхара жорығында қайтыс болысымен таққа отырады. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласын, Ферғананы бағындырып алды. Ташкент қаласы содан бастап 200 жыл бойы Қазақ хандығының билігінде болды. Есім хан сонымен бірге Шығыс Түркістан Қашғар, Турфан, Чалыш уәлаяттарында алты жылдай болып, сол елдің билеушісі Абд әр-Рахымның саяси билігінің нығаюына жәрдем жасады. Абд әр-Рахымның қызын өзі алып, інісі Күшік сұлтанның қызын оған беріп, сол замандағы дәстүр бойынша билік статусын заңдастырды. Абд әр-Рахыммен бірге Ақсу секілді үлкен бекіністерге шабуыл жасап, көптеген шаһарларды құзыретіне қаратады. Демек, Есім хан — Қазақ хандығының аумақтық тұтастығын ұлғайтып, мемлекет билігін өрістеткен, сол кезеңде Орта Азия геосаясатына өзгеріс енгізген айтулы тұлға [9].

Есім хан заманында Өз Жәнібек әулетінен шыққан Тұрсын сұлтан Ташкентте қосымша хандық құрып, бұрын Қазақ Ордасына қосылып оның дұшпандарына қатты тойтарыс берсе де, ақыры, ант бұзып Есім ханға қарсы шықты. Өзі жоқта оның елін шапты. Бұрын талай теріс іс-әрекетін кешірген Есім хан бұл жолы оған кешірім жасамады. Ташкентте оның басын алды. Осы сәтте хан жанында болған атақты қазақ ақыны әрі батыры Марқасқа жырау болған. Аты көпке белгілі Жиёмбет жырау да Есім хан жанында жүріп, ханның кейбір артық кеткен істерін қатты сынап отырған.



Бірнеше жүз жылға созылған қазақ-қалмақ соғыстары да осы Есім хан тұсында кең жайылып, ол бітіспес қанды жорықтарға ұласты.

«Қасымның қасқа жолы» XVII ғасырға дейін өзгеріссіз жетті. Бұдан соң Алашқа белгілі «Есім хан салған ескі жол» халыққа кеңінен танылды. Өйткені Есім хан елді тыныштандыру саясатын жүргізді. Сондықтан ол қанға қан, құн төлеу, барымта алу, құлды сату, зекет, ұшыр жинау, айып салу т.б. уағыздады. Халық Есім хан заңдарын «Есім хан салған ескі жол» деп атады:

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» қалмақ заманына дейін жетті. Еңсегей бойлы ер Есім хан Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи (Ясауи) жанына жерленген.

Халық ардақтаған Салқам Жәңгір хан

1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған. Ол басы үлкен, кеудесі кең, аласа адам болған екен. Сол себепті халық арасында оны «Салқам Жәңгір» деп атаған. Оның тұсында ойрат-жоңғарларының көсемі, батыр Хунтайшының күшейген кезі-тін. Олар Қазақ хандығына бірнеше рет жорық жасады.

Еңсегей бойлы ер Есім ханның ұлы, халық ардақтаған «Салқам Жәңгір» XVII ғасырда болған қазақ-жоңғар соғыстарында тамаша әскери қайраткерлігімен, соғыстың көптеген әдіс-айлаларын қолдану арқылы ірі қолбасшы ретінде айқын танылды. Салқам Жәңгірдің қазақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда айрықша еңбек сіңірген, тәуелсіздігін сақтау және бекіту жолында ұмытылмас ұлы қызметтер атқарғанын тарих ешқашан жоққа шығара алмайды.

Жәңгір заманындағы тарихта алтын әріппен жазылып қалған ұрыс — 1643 жылғы жоңғар-қазақ майданы еді. Кейін «Орбұлақ шайқасы» деген атпен қалған осы соғыста Жәңгір хан бастаған 600 қазақ жауынгерлері 50 мыңдық дұшпан қолын өз жеріне өткізбей қойды. Бұл ерлік, біріншіден, қазақ жасағының туған жеріне деген отаншылдық жоғары рухы мен намысы десек, екіншіден, Жәңгір сияқты соғыс өнерін жетік меңгерген қаһарман қолбасшының әскери шеберлігі еді. Осындай қиын сәтте Самарқаннан 23 мың қолды бастап Жалаңтөс баһадүрдің келіп жетуі қазақ сарбаздарының рухын көтеріп жіберді [10].

Қазақтың ұлы хандарының бірі Жәңгір хан 1652 жылы қан майданда қаза тауып, Түркістанда жерленген.

Жәңгір ханның қазасынан соңғы 30 жыл, дәлірек айтсақ, 1652–1680 жылдардың аралығында Баһадүр хан билік құрды. Бұл тұтас қазақ тарихындағы ең күңгірт кезең болып есептеледі. 1680 жылы Салқам Жәңгір ханның бел баласы Тәуке хан (1680–1715) халықтың қалауымен ақ киізге көтеріліп хан болды.

Ұлылығымен бүкіл халыққа үлгі көрсеткен қасиетті Әз Тәуке хан

Әз Тәуке — қазақтың ұлағатты ұлы ханы, аса көрнекті мемлекет қайраткері. Қасиетті Түркістанда хан сайланған Тәукенің негізгі мақсаты Қазақ мемлекетін халықаралық деңгейге дейін көтеру еді. Сондықтан да ол таққа отырып, әке ісін алға жалғап, оның саясатын жүргізгенімен, оны жүзеге асыруға келгенде бұрынғы сүрлеумен кетпей, өзіндік жаңа жолмен жүрді. Тәукені өзге қазақ хандарынан ерекшелеп, оның шын мәнінде көреген басшы, ақылды реформатор екенін танытатын қасиеті де осы өзіндік жолмен жүруінде еді. Бұл ретте ол ұлы бабасы Қасым ханға қарай бейімделеді. Тәуке ханның елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша ерекшеленеді. Бірі — елдің іргесін

аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған көп дұшпанға бел алдырмағаны. Екіншісі — елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол төңірегіне топтан торы шалдырмайтын, сыртқа сынар сабақ жіп алдырмайтын, бір ауыз сөзімен жұртты жатқызып-өргізетін, беделімен елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты.

Тәуке хан билігінің ерекшелігі:

- хандықтың бөлшектенуі тоқтатылып, бір орталыққа бағындырылды;
- жоңғар шапқыншылығы бәсеңдеп, тыныштық орнады;
- «Жеті жарғы» заңын жасады;
- көрші елдермен достық қатынаста болуды көздеді: қырғыз, қарақалпақ, орыс мемлекеті.

Негізгі мақсаты:

- билердің көмегімен хан билігін нығайту;
- бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құру;
- билер кеңесін ішкі және сыртқы саясаттағы аса маңызды мәселелерді шешетін басқару жүйесіне айналдырды;
- билер кеңесі: Битөбеде (Түркістан маңында), Мәртөбеде (Сайрам маңында), Күлтөбеде (Ангрен маңында) өткізілген;
- даулы мәселені шешуді билер сотына жүктеді;
- құрылтай Күлтөбеде өткізілді. Сұлтандар билігін шектеуге тырысты;
- Тәуке хан ықпалды билерді мемлекеттік істерге тартуға бағытталған саясат ұстанды. Олардың даналығы ойрат жаулап алушыларына қарсы қазақ халқының күшін біріктіруге, хандықты ауыр сыннан аман алып өтуге бағытталды;
- үш жүздің басын біріктіруде билер кеңесі үлкен рөл атқарды;
- «Билер кеңесі» жергілікті атқарушы өкіметке айналды.


Өз Тәукенің мәңгі ұмытылмас жұмыстарының бірі әйгілі «Жеті жарғы» деп аталатын (шамамен 1684–1685 ж. жасалған) құқық жүйесі болды. Тарих дерегі сол кезде Тәукенің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбек, Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашораұлы Көкім, Қарақалпақ Сасық би, Қатаған Жайма секілді халықтың ішінен уақыттың өзі екшеп шығарған, даналық сөзімен, әділетті ісімен, қара қылды қақ жарған тура билігімен аттары бұл күнде аңызға айналған атақты билердің болғанын айтады [11; 221].

Осы кемеңгер билерді қатыстыра отырып жасаған «Жеті жарғы» («жарғы» сөзі «әділдік» ұғымын білдірген) көшпелі қоғамның, қазақ халқының мінезі мен тұрмысына, әдет-салты мен ұлттық мүддесіне толық сай келді. Жарғы «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолындағы» заң негізінде толықтырылып жасалған болатын. Бұл заң жылына бір рет қазақ елі, ру, тайпа басшыларын Құрылтайға шақыратын шешім шығарды [12]:

«Жеті жарғы» заңының мәні мен мазмұны

«Жеті жарғы» бөлімдері	Мәні мен мазмұны
1	2
I Жер дауы	Қыстау, жайлау, жайылым, жерді иелену, көші-қон мәселелері, ата-бабасынан бері иеленіп келген халықтың келісімінсіз басқаға бермеу, сатуға болмайтыны туралы
II Үй іші мен бала тәрбиелеу	Отбасы, үй ішіндегі тіршілікке байланысты адамдардың өзара қарым-қатынасы, әке мен бала, ене мен келін, үлкен мен кіші арасындағы қатынас. Үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, жас ұрпақты тәрбиелеуге арналған заңдар: Некеге отырудың шарты — 13 жас. Екінші шарт — жұбайлардың 7 атаға дейінгі туыстық қатынаста болмауы. Ата-анасы өз балаларын өлтіргені үшін жазаға тартылмайды. Ата-анасы қайтыс болса, жас балалары туыстарының қамқорлығына беріледі
III Ұрлық, барымта	Ұрлыққа, барымтаға кедергі қою, халықты адалдыққа, таза еңбекпен күнелтуге бағыттайтын заңдар: Ұрлық үшін 3 тоғыз (27) төлеу, бұл жаза айбана деп (100 түйе — 300 жылқыға немесе 1000 қойға тең) аталады.

1	2
IV Бір халық пен басқа ру арасындағы дау	Ел мен ел, халық, ру арасындағы дау-жанжалдарды әділдікпен шешетін заңдар: 13 жасқа толмаған балалар қылмыстық жауапқа тартылмаған. Соттау құқығы ханның, билер мен рубасыларының қолында болады. Істі шешкені үшін билер мен арада жүргізушілерге өтелетін есенің оннан бір бөлігі берілуге тиіс. Сұлтанды не қожаны өлтірсе, 7 адамның құнын төлеу. Әйелді зорлағанды өлім жазасына кесу. Әйелге тіл тигізуші одан кешірім сұрайды, бұлай істеуден бас тартса, қорлағаны үшін құн төлеу. 7 куә әшкерелесе, құдайға тіл тигізушіні таспен ұрып өлтіру
V Ұлтын жаудан қорғау	Отан қорғау, ел бірлігін сақтау, жасақ құру, сардар сайлауға бағыттайтын баптар жатады. Хан, сұлтандар, ру ақсақалдары халықтық істерді талқылау үшін күзде жиналуы қажет. Жиналысқа қару-жарақсыз келуге рұқсат етілмейді. Қарусыз адамның дауысы болмайды және оған жасы кішілер орын бермейді
VI Жесір дауы	Шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалдықты талап ету, ерінен айырылған әйелдердің мәселелері туралы баптар
VII Құн дауы	Кісі өлімі, адам денесіне зақым келтіру, «Қанға қан», «қанды кек», «ескіден келе жатқан жау» дегенде бірден ойға оралатын қатыгездікті жұмсартудың жолын қарастырған, құн төлеумен белгіленетін заңдар: Сұлтандардан басқа әр адам ханға жыл сайын мал-мүлкінің жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде салық төлеу. Құн төлеу мөлшері: ер кісі үшін 1000 қой, әйел үшін 500 қой. Дене мүшелерінің құны: бас бармақ — 100 қой, шынашақ — 20 қой. Өлтірілген тазы мен бүркіт үшін иесі құл немесе құн талап етеді.



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жетісу далаларында көшіп-қонып жүрген...» (Назарбаев Н. «Тарих толқынында» кітабынан. — Алматы: Атамұра, 1999, 211–215-б.) атты мақаласында [13] Тәуке ханның «Жеті жарғысы» туралы былай ой толғайды: «1459 жылы Жетісуға жай ғана жекелеген тайпалар тобы емес, Жәнібек пен Керей ұлысының халқын құрайтын

рулар мен тайпалардың бірлестігі бөлініп көшіп келді. Олар жай бір саяси топ қана емес, құрама бірлестік типтес субэтникалық қауымдастық болатын. Сол жылы Жетісудың кең-байтақ даласында қалыптаса бастаған қазақ жұрты өз атауымен қауышты. Сол кезден бастап Жәнібек пен Керейді қолдаушылардың тарихы «қазақ» атауының тарихымен біте қайнасып кетті. Сөйтіп, Жәнібек пен Керейдің 1466 жылдары қазақ мемлекеттігін құруына жағдай жасалды.

Қазақ құқығының тарихында сол заманнан жеткен үш заң ескерткіші бар, олар аңыз бойынша Қасым мен Есім хандардың есімдеріне байланысты айтылатын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы». «Жеті жарғыға» XVII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік өмір қажеттерінен туған қаулылар енді. Осынау құқықтық ескерткіштер қазақ халқының дербес мемлекеттік алып, бірлесуге құлшынған сан ғасырлық арманын айқын көрсетті».

Тәуке хан тұсында қазақ-ойрат қатынастары шиеленісті: Сығанақ, Түркістан, Отырар, Сайрам, Созақ жоңғарлармен күресте стратегиялық тірек бекетіне айналды.

XVII ғ. аяғы мен XVIII ғ. басы — жоңғарлар Жетісудің бір бөлігін жаулап алып, Сарысу өзені алқабына дейін жетті.

1710 ж. — үш жүздің өкілдері жауға қарсы күресте бірлесу мақсатында Қаракүм жиынын өткізді. Бірыңғай халық жасағы құрылып, жоңғарлар шығысқа ығыстырылды.

1715 ж. (кейбір деректерде 1718 ж.) — үш жүзді билеген Тәуке ханның қазасынан кейін жоңғар шапқыншылығы күшейе түсті.

Белгілі тарихшы-ғалым Хангелді Әбжанов «Қазақ мемлекеттігі тарихын дәуірлеу ұстанымдары» атты еңбегінде Қазақ хандығы туралы өз ойын былай түйіндейді: «XV ғасырдың екінші жартысында (1465–1466 жж.) Қазақ хандығы Еуразияның сайын даласында кем дегенде екі мыңжылдық тарихты артта қалдырған мемлекеттер мен заңдардың қасиетін, мәнді белгілерін, қағидаларын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қабылдай, бойына сіңіре, жетілдіре жалғастырып, өзіне ғана тән қадір-қасиетімен, даралануымен алғашқы қадамын жасады. Басқаша айтқанда, біздің ұлттық мемлекетіміз өткені бұлыңғыр, алды көк тұман, қу тақырда құрылған, сайда саны, құмда ізі жоқ азаматтарды бір шаңырақтың астына біріктіре салған саяси-құқықтық бірлестік емес. Сондықтан да Қазақ хандығы пайда болғанға дейінгі мыңжылдықтарды түркілену, исламдану, қазақтану дәуірі, бір сөзбен түйіндесек, жер-ананың қазақты, оның мемлекетін дүниеге әкелуге толғатқан ғасырлары десек қателеспейміз.

Жер-ананың, тарихтың алтын құрсағында мыңдаған жылдар тербетілген Қазақ хандығы Шу мен Қозыбасыдағы алақандай аумаққа туын тіккенде, сәбилік, балалық, жеткіншектік өсу сатыларын артта қалдырып үлгерген еді. Бабаларының тәжірибесі мен тағылымын бойына жия дүниеге келген ол бірден төл тарихының классикалық дәуірін бастап кетті. Классикалық дәуір үш ғасырға жуық созылып, 1718 ж. Тәуке ханның қайтпас сапарға аттануымен аяқталды» [14].

Өзінің ұлылығымен бүкіл халыққа үлгі көрсеткен қасиетті хан Әз Тәуке көз жұмар алдында «Қазақтың ұраны — бірлік болсын» деген өсиет қалдырыпты. Ұлы ханның мәңгі тыныстаған жері — Түркістан.

Әз Тәукеден кейінгі қазақ хандары

Әз Тәуке қайтыс болғаннан кейін оның орнына інісі Қайып сұлтан хан болып көтеріледі. Бірақ ол қазақ жұрты алдында Әз Тәукедей беделді болмады.

1717 жылы Қайып хан мен Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Қазақ Ордасының отыз мың қолын бастап Дүрбіт-Ойраттарға қарсы соғыс ашады. Өшіккен қатулы жауына қарсы жоспарсыз өр кеуделікпен жасаған бұл шабуылдың арты жеңіліспен, қалың қолды қынадай қырғынға ұшыратып өздерінің сопа бастарын ғана амандап, ауыр халмен аяқтайды.

Сынықты сылтау деп білген жоңғарлар келесі 1718 жылы Қайып ханға жазалау жорығын жасап, кең көлемді майдан ашады. Қазақ жасақтарын Арыс, Бөген, Шаян өзендерінің бойында әлденеше мәрте ойсырата жеңіп, бүкіл оңтүстік ойрандап кетеді. Көп ұзамай 1718 жылдың соңында бағы тайған Қайып хан қайтыс болады [2; 113].

Билер, шонжарлар Қайып ханның орнына Әз Тәукенің ұлы, жігерсіз Болатты хан сайлайды. Кезінде орыс зерттеушісі А.И. Левшин: «Тәуке ханның баласы, Әбілмәмбеттің әкесі Болат туралы еш мәлімет таба алмадым, соған қарағанда, ол атағын шығаратындай ештеңе жасамаған сияқты» деген болса, А.И. Левшин еңбегімен таныс М. Тынышбаев Болат ханды «жігерсіз, жылдам шешім қабылдай алмайтын адам» ретінде сипаттайды. Зерттеушілер пікірлері XVIII ғасырдағы «Елім-ай»

дастанындағы: «Сәмеке, Қайып, Болат дәрменсіз боп, кездейсоқ ел жағдайы оңа алмады» деген жолдармен де толықтырыла түседі [15].

Болат ханның тұсында жоңғарлардың бағына, қазақтардың сорына қазақ жүздерін билеген Кіші хандар өз алдына дербестеніп, Ұлыстың орталық хандығының билігі әлсіреп, саяси жақтан бөлшектенді.

Орта жүзді Самеке хан, Ұлы жүзді Жолбарыс хан, Кіші жүзді Әбілхайыр хан биледі. Бұл хандарға қараған сұлтандар да дербестікке бой ұрды. Сөйтіп, бөлшектенген бытыранды хандар мен сұлтандар жауға қарсы күш біріктіре алмады. Қазақ хандығының өзара қырқысқан «алты бақан алауыздығын» пайдаланған жоңғарлар 1723 жылғы көктемнің басында әйгілі ақ мешін жұтынан тұралап шыққан қазақ еліне 70 мыңнан аса әскерді жеті жерден бір мезгілде төгіп жіберді. Таудан құлаған селдің тасқынындай жолындағыны жайпап өткен бұл сүргін шабуылдың нәтижесінде қазақ елі Түркістан, Ташкент бастаған 20 шақты қаласынан, бүкіл оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірінен айрылды.

Жоңғарлар Ұлы жүзді қырып-жойып, Орта жүз, Кіші жүз жерлеріне жетті. Халық басы ауған жаққа кетті. Ұлы жүз бен Орта жүздің қазақтары Самарқанд пен Ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазағы Хиуа мен Бұхараға ағылды. Босқындардың біразы Сырдың сол жағындағы Алқакөл маңына топтасты. Халық бұл кезенді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп атады. «Елім-ай» деген қасіретті ән осы кезден қалған. Халық бірігудің қажеттігін түсінді.

Тарихи деректер бойынша, бұл кезде қазақ даласына аты әйгілі Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Бәсентиін Малайсары, Тайлақ батыр, Өтеген батыр жер-жерде қол жиып, жасақ құрып, ұрымтал кезде қалмақтарға тұтқиылдан шабуыл жасап жүрген. 1726 жылы қазақ елінің сұлтандары, әйгілі батырлары, билері жиналып, қалмақтарға тойтарыс беру жөнінде бүкіл Қазақ жасағы құрылады. Бұл жасақтың бас қолбасшысы болып Әбілқайыр сұлтан сайланады.

Ел намысы жүректерін кернеп, қан майданға шыбын жанын шүберекке түйіп түскен қазақ аламандары Бұланты өзенінің бойында және Балқаш көлінің күнгей жағында (көлден 120 шақырымдай Аңырақай деген жерде) қалмақтың қалың қолын жеңіп шығады.

Бірақ бастары бірігіп ұлы жеңіске жеткенімен, енді бұдан былайғы билікке, жоңғарға қарсы күресті ұйымдастыру тізгініне келгенде хан, сұлтандар — Әбілқайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Көкжал, Барақ өзара таласып, бір-бірімен мәмлеге келе алмай айрылысады. Бұдан кейін қазақ елі жеке-жеке хандардың, сұлтандардың иелігіндегі әлденеше ұлыстарға бөлініп, Қазақ Ордасындағы хан тағы иесіз қалды.

Тарихта өшпес із қалдырған Абылай хан

Абылай хан — XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Ресей үшін Бірінші Петр қандай болса, Қазақстан үшін ол да сондай тұлға. Абылайдың дара тұлғасы, қолбасшылық таланты мен саяси көрегендігі қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы мен Ресей, Қытай империяларының көз алартуына қарсы күресіне байланысты. Қалыптасқан күрделі тарихи кезеңде көзге түсті. Абылай қазақ халқының тағдыры талай қыл үстінде, қылыш жүзінде тұрғанда ел бірлігін ұйымдастырып, 1723 ж. қырғыннан абдыраған Үш жүздің басын қосып, анталаған жауға тойтарыс берді. Сол арқылы қазақтың келешегіне жол салды.

Абылайдың аты көзі тірісінде аңызға айналып, қазақ үшін қасиетті Алаш сияқты жауынгерлік ұранға айналды. Абылай есімін атағанда барша қазақ атаулының жадына «бостандық», «егеменді ел», «қазақ халқы», «туған жер», «Отан», «ел бірлігі» сияқты қасиетті ұғымдар оралады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Абылай аңсаған азаттық» атты өз толғамында («Егемен Қазақстан», 2 қазан 2013 ж., 1-б.): «Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұланғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә.

Алмағайып сұрапыл заманда есенгіреген елге ес кіргізіп, бір тудың астына біріктіре білген Абылай ерлігі мен ақыл-парасатын қатар жұмсаған сарабдал саясаткерлігінің арқасында қазақ халқын жойылып кетуден сақтап қалды. Осылайша, туған халқының кемел болашағын аңсаған ол өз дәуірі артқан ұлы жүкті қайыспай көтеріп, ел алдындағы перзенттік парызын атқарып кетті», — деуі тегін емес.

Абылай (шын аты Әбілмансұр) көпке дейін шыққан тегін, өзінің хан тұқымынан екенін жасырып келген. Үйсін Төле бидің түйесін бағып жүріп, Сабалақ деген ат алады. Алайда көреген дана би Сабалақтың жай тұқымынан емес екенін түсінген. Ақылымен, батырлығы, табандылығымен көзге түседі. Сабалақ Бөгенбаймен танысады. Бөгенбай Сабалақты көргенде адамның да, малдың да асылы екенсің деп айтады:

*Шырағым-ай, көзің отты бала екенсің!
Мінезің қазақтағы хан екенсің,
Жазға салым қалмаққа аттанамыз,
Соған да керек болар жан екенсің, —*

деп батасын беріп, астындағы Нарқызыл атты тұлпарын сыйға тартқан екен [16].

1728–1732 жж. Сабалақ (Әбілмансұр) Бөгенбай батырдың қасына еріп, атқосшысы бола жүріп әр түрлі шайқастарға қатысып, тәжірибе жинап машықтанады. 1733 жылы Сарыарқаға басып кірген қалмақпен Орта жүз қолы Өлеңтінде шайқасады. Қалмақ жақтан Қалдан Серен туысы (бір деректерде — баласы) Шарыш батыр бірнеше қазақ батырларын өлтіріп елендеп тұрады. Ызаға булыққан Бөгенбай батыр елу жастан асқан шағына қарамастан, жауға қарсы шықпақшы болады. Сол уақытта топ арасынан Сабалақ шығып, қалмақ батырымен айқасуға Бөгенбайдан рұқсат сұрады. Атасының рухын көмекке шақырып «Абылайлап» Шарышқа қарсы ұмтылған Сабалақ қас жауын өлтіреді. Осы оқиғадан кейін Әбілмансұрға «Абылай» деген ат қояды.

1734 ж. Түркістанның билеушісі Сәмеке қайтыс болады, орнына Әбілмәмбет барады, ал Абылайды халық Орта жүздің ханы етіп сайлайды. Осылайша Бөгенбай батырдың батасын алған Сабалақтың бағы жанып алғашында Орта жүзді, кейіннен бүкіл Үш жүзді билеген, тарихта өшпес із қалдырған Абылайдың саяси өмірі басталады.

1741 ж. Абылай аң аулап жүрген кезінде жоңғарлардың тұтқынына түседі. 1742 ж. ол жоңғарлардың тұтқынынан босайды. 1743 ж. Абылай жоңғарларға қарсы күресті қайта бастап, Ресей және Цинь империясымен байланыс жасайды.

1753–1754 жж. қазақ жеріне қауіп Қытай елінен төнген еді. Қалмақтарды қырып, жоңғар жерін қанға бояған Цинь әскерлері ендігі жерде көрші халықтарға өзін мойындатуды көздеді. Қазақ жеріне Қытай әскерлерінің баса көктеп кіруіне себеп болған Жоңғар мемлекетінің тағына үміткер Әмірсананы қолға түсіру еді. Жоңғар халқының ұлт-азаттық соғысын басқарған Әмірсана жеңіліс тапқаннан кейін Абылайдан қамқорлықты өтініп қазақ жерін паналап келген болатын. Абылай хан қазақтың ата жауы – қалмақтардың басшысы Әмірсананы қолдап қазақ жеріне жасырады. 1756 жылы мамыр айында Қытай богдыханы Цяньлунь Абылай ханға хабар жібереді.

«Цзянцзюн бастаған он мың қолды екі бағытпен сенің жеріңе жіберіп отырмын. Егер сен Әмірсананы жасырып отырған болсаң, ұстап бермесең, өз обалың өзіңе күліңді көкке ұшырамын» (Цинская империя. Ч. 1. — Алматы, 1989. — С. 86). Елдің игі жақсылары қазақтар үшін Қытаймен соғысу, ежелгі жау жоңғармен болған қақтығыстардан әлдеқайда ауыр болатынын жақсы түсінді. Дегенмен, қытай богдыханы қазақтың күшін бағаламады. Алғашында Абылай бастаған қол Бетпак далаға дейін шегініп, Дардана мен Хадаха деген екі генералының әскерлерін сусыз далаға апарып, артынан Бөгенбай бастаған нөкерлермен қоршап алады. Сусыз айдалада азық-түліксіз әлсіреген қытай әскерлері соғыссыз беріледі. Бірақ, Абылай хан үш бимен ақылдаса келе, бірде бір қытай әскеріне тиіспей, шекараға дейін шығарып салады. Осылай сәтсіз аяқталған қытайдың екі генералының жорығы үшін барлық атақ пен шенінен айырылады. Қытай әскер басшысы қазақтарды оңайлықпен тізе бүктіре алмайтынын байқады. Жаңадан сайланған қытай қолбасшылары Дардана мен Хадаханың тағдырын қайталамау үшін Абылаймен келіссөздер жүргізіп, тез арада бейбітшілік орнатуға мүдделі болды.

Қазақ билеушілері де Қытаймен соғыс, елді әлсіретіп басқа да жан-жақтан анталаған жауға оңай олжаға айналдыра алатынын жақсы түсінді. Бір жағынан, Ресейдің қазақтарды бодандыққа айналдыру мақсаты бар, жерсіз жүрген орыстілділерді жедел түрде, топырлатып қазақ жеріне қоныстандыруы, екінші жағынан — Қоқан хандығынан ауыр езгіге түскен Ұлы жүзді азат ету қажет еді. Осындай жағдайда елді сақтап, тәуелсіз мемлекет болып қала беру үшін жалғыз амал дипломатия екенін Абылай өте жақсы түсінді [17].

Жоңғар шапқыншылығы тұсында жастайынан жауға аттанып, батырлығымен ел ықыласына бөленген Абылай сол ежелгі дұшпанның ордасының күйреуі тұсында да (1745–1757 жж.), кейіннен 1771 жылы Еділ қалмақтарының (торғауыттардың) шығысқа қарай үдере қашқан үлкен көші оқиғасында да қазақ жасақтарын жорыққа бастаған жаужүрек қолбасшы ретінде көрінеді. Торғауыт

қалмақтарына жасаған жорықтардан кейін Абылай Үш жүздің ханы аталады. Оның осы бір айтулы оқиғалар тұсындағы істері тарихи жазба деректерде кең сақталған және халық аңыздарының мазмұнына да арқау болған [18].

Х. Әбжанов пен Қ. Әбуевтің «Абылай: көне шындыққа жаңа көзқарас» деген мақаласында мынадай қызық дерек келтірілген: «1771 жылы Әбілмәмбет хан дүние салуына байланысты дәстүр бойынша оның балаларының бірі хан сайлануы тиісті еді. Алайда Үш жүздің өкілдері жиналып, бүкіл қазақтың ханы етіп Абылайды сайлады.

Ал патша үкіметі болса, онымен келіспейтінін білдірді. Өйткені қазақты жаулап алудың отарлық саясатын ғана көздеген ол хандық билігінің нығаюына, Үш жүздің басының бірігуіне қайткенде жол бермеуге күш салған-ды. Патша үкіметінің көздегені — Қазақ елін бірімен-бірі бақас бірнеше хандыққа бөлу және келешекте хандықты, яғни тәуелсіздікті мүлдем жою еді. Сондықтан болар, Ресей патшайымы II Екатерина Абылайдың оған арнайы жазған хатында келтірілген деректерге құлақ аспады. Онда Абылай өзінің Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандардың заңды мұрагері екенін айта келіп, былай деген: «1771 жылы Түркістан қаласындағы мұсылмандар әулие тұтатын Қожа Ахмет мазарының басында біздің дәстүр бойынша намаз оқып, Үш жүздің хандары мен сұлтандары және Ташкент пен Түркістан провинциясының басқа да қалаларының өкілдерінің қатысуымен мені бүкіл Үш жүздің ханы етіп сайлады». Осыған қарамастан, II Екатерина қол қойған Грамотада Абылайды тек Орта жүздің ханы етіп тағайындағаны көрсетілген. Сонымен қатар патша өкілдері Абылайдың сөз етілген Грамотаны алуға және өзінің бодандығын қайта мойындау шартына қолын қоюға Петербургке немесе Орынборға келуін талап еткен. Абылай болса, көнбеді. «Мені Үш жүздің ханы етіп халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алудың қажеті жоқ», — деп жауап қайырған [19].

Абылай хан 1781 жылы қайтыс болады. Оның денесі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи мазарына жерленеді.

Абылай қасына Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Тәттіқара ақын сияқты ұлы руханият өкілдерін топтастыра білді. Абылайдың ұрпақтары арасында қазақтың соңғы ханы Кенесары, сұлтан Шыңғыс, ғалым Шоқан Уәлиханов сияқты Алаштың біртуар тұлғалары бар.

Түйіндей келгенде, Абылай хан көзі тірісінде бытыраңқы жүздердің басын біріктіре алды. Қазақ хандары билігі тарихында Абылай «ұлы» хан ғана емес, сонымен қатар Қазақстан территориясының қауіпсіздігін, дипломатиялық қатынастарды нығайта отырып, өз беделі мен көрегендік саясатының арқасында сақтай алған дарынды тұлға болды. Абылайдың билігі тұсында халықтың барлық әлеуметтік топтарының жағдайы қарастырылып, олардың мүдделері ескерілген болатын. Абылай — қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалушы, біріктіруші, дарынды қолбасшы мен білікті мәмлегер (дипломат) және аты аңызға айналған ірі тұлға ретінде халық есінде қалды.

Қазақ елінің ұлы ханы Абылай өлген соң Қазақ хандығының бөлшектенуі

Қазақ елінің соңғы ұлы ханы Абылай өлген соң, бөлшектене бастаған ұсақ хандықтарға Ресейдің қысымы ұлғайып, олардың ішкі аймақтарына бекіністер салына бастады. Онымен қатар Қоқан хандығы тарапынан да оңтүстік Қазақстанға шабуылдар жиіледі. Ресейдің әлімжеттігіне жауап ретінде қазақтардың бірде толастап, бірде өршіп, ұзақ жылдарға созылған, бірақ бір орталыққа бағынбаған, бір-бірімен байланыссыз ұлт-азаттық қозғалысы 1783–1858 жж. орын алды [Сырым Датов (1783–1797), Қаратай сұлтан (1797–1814), Арынғазы сұлтан (1816–1821), Саржан сұлтан (1824–1836), Исатай – Махамбет (1836–1837), Кенесары хан (1837–1847), Есет (1853–1858), Жанқожа (1856–1857) т.б.].

1798 ж. Қазақ хандығына тәуелді Ташкент бегі Жүніс қожа көтеріліс ашып, Қазақ хандығынан бөлінді. Ол кейін Қоқан ханына бағынды. Осы хандық 1801–1822 жж. қазақ елінің оңтүстігін Ұзын-Ағашқа дейін жаулап алып, Қазақ хандығының астанасы Түркістанды өзіне бағындырды. Ұлы жүз Қоқан хандығының құрамына кірді. Кіші жүздің Еділ мен Жайық аралығы Ішкі орданы, кейін Бөкей хандығы аталған бөлігін Ресей бөліп алып, оны Астрахан генерал-губернаторына бағындырды. Бұл классикалық протекторатта Жантөре Айшуақұлы (1802–1809), Бөкей (1811–1819), Жәңгір (1824–1845) хандар тақта отырды. Ішкі орда хандық ретінде 1811–1845 жж., ал әкімшілік тұрғысында 1876 ж. дейін өмір сүрді.

Абылай ханнан кейінгі хандарды Ресейге бағынышты яки бағымсыз тұрғысынан екі түрге жіктеуге болады [20]. Біріншісі — Ресейге бағынышты және олардың хан лауазымын Ресей бекіткен «ресми хандар»: Орта жүзде Уәли 1781–1823 (кей деректерде 1819 ж. қайтыс болған) жж., Ғұбайдолла 1823–1825 жж.; Кіші жүзде Жантөре, Бөкей, Жәңгір; Ұлы жүзде Ханқожа 1783–1799 жж., т.б. Бұлардың ішінде Ғұбайдолла Ресейге қатысты тәуелсіз саясат жүзгізуге ұмтылғаны үшін Сібірге жер аударылды. Екіншісі — Ресейге бағынбаған, олардың хандығын Ресей мойындамаған «ресми емес хандар»: Кіші жүзде Қаратай — 1797–1814, Арынғазы — 1816–1821; Орта жүзде Қасым — 1825–1840 (кейбір деректерде 1828 жылдан бастап), Кенесары — 1841–1847 жж. және Ресейге де бағынбай, хандарды да мойындамаған Қазақ елінің шығысындағы сұлтандар және тайпа басшылары. «Ресми емес» хандығына Көкшетау, Ақмола өңірлері (оның өзі де толық емес) қарады. 1835–1840 жж. «ресми» хандар қарадан шыққан аға сұлтандармен алмастырылды. Қазақ елінің басқа аймақтарына «ресми емес» хандар және Ресейге де, хандарға да тәуелсіз тайпа басшылары, не сұлтандар билік жүргізіп келді.

«Ресми емес» хандарды Хиуа, Қоқан хандықтары, Бұхара әмірі мойындап, олармен дипломатиялық қатынаста болды. Қытай өкіметі «ресми емес» хандарды және «ресми» хандар Уәлиді, Ғұбайдолланы, Ханқожаны да хан деп мойындап, олармен дипломатиялық қатынаста болған. Тіпті, Қытайда жалпы Қазақ хандығының елшілігі Ресей мен Қытайдың 1883 жылы Шәуешек келісіміне дейін сақталғандығы туралы деректер баршылық.

Кенесары Қасымұлы — Қазақ хандығының соңғы ханы

Кенесары Қасымұлы — мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–1847 жж. ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы.

Ол 1802 ж. Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Ата-тегі жағынан Кенесары — Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы, әйгілі Абылай ханның немересі (сызбаны қара) [21].


Кенесарының арғы аталары Шыңғыс ханның Жошы деген үлкен баласынан тарайды. Абылайдың әйелі қалмақтың Хочу мерген ноянның қызы Топыштан Қасым сұлтан туады. Кенесары осы Қасым сұлтанның баласы. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Қасым сұлтан мен бәйбішесі Айкүмістің алты баласы болған. Ал Кенесарының інісі Наурызбай Қасым сұлтанның екінші әйелінен өмірге келген. Кенесары Қасымұлы өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы-қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленді. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеттігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатқан.

1827 ж. бастап Абылайдың ұрпақтары қазақ хандығын патшалық Ресей езгісінен босату жолындағы күресте белсенділік танытты. Кененің әкесі Қасым мен үлкен ағасы Саржан бастаған жасақтар орыс ауылдары мен керуендеріне шабуыл жасап тұрды, қазақ ауылдарын отарлық бұғаудан босатты. Міне, солардың жолын жалғастырушы Кенесары Қасымов та мемлекет тәуелсіздігінің өте маңызды іс екенін халық санасына құюда қыруар еңбектер атқарды. Мемлекет мүддесін қорғау жолында жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктілікпен басқару көп септігін тигізетінін ол жете түсінді.

Кенесары Қасымов өз айналасына ең адал кеңесшілер мен батырларды, халық арасынан отарлық езгіге қарсы күрестегі ең беделді, белсенді азаматтарды топтастыра білді.

Қиын-қыстау шақтағы ортақ мүдде — ұлттың азаттығы үшін осындай әрекетке баруының өзі ұлылық емес пе?! Патшаның «бөліп ал да, билей бер» деген саясаты қазақ даласына кеңінен таралуы елдің қатты наразылығын туғызуы, оның жақтастарын көбейтуі заңды еді. Сонымен бірге Кенесарыға қарсы шыққан рулар да болды.

КЕНЕСАРЫНЫҢ ТЕГІ:



Кенесары қолы алғашқы әрекетін 1838 жылдың көктемінде Ақмола бекінісін қоршап, өртеуден бастады. Қамал бастығы әскери старшина Карбышев пен Ақмола аумағының аға сұлтаны Қоңыркұлжа Құдаймендин төнген ажалдан құтылып кетті. Кенесары енді Торғайға бет бұрды. Кенесары Қасымов патша өкілдеріне жазған хаттарында бұл әрекетін Ресей шекараларына жақындауға ұмтылу, сол арқылы келіссөз процестерін жеңілдету деп түсіндірді. Шын мәнінде

батырдың негізгі мақсаты — 1836–1838 жж. Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі болып өткен Кіші жүзді жалпы халықтық көтеріліске қосу болды.

1841 жылы Кенесары хан тағына отырғаннан кейін, көтеріліске қатысушылар әскери қимылын үдете түсті, олар қокандықтардың елеулі күштері бекінген Жүлек, Ақмешіт, Жаңақорған, Созақ қамалдарын қоршауға алды.

Кенесары өзінің басты мақсаты — азаттыққа қол жеткізу үшін ортақ жауға қарсы Үш жүздің күш біріктіре күрес жүргізуі керек екенін түсінді. Алайда ұлт-азаттық күрестің 1844–1845 жж. қарқыны үдей түскен кезеңде де қазақтардың басы толық бірікпеді. Көтерілістің бас кезінде-ақ қазақтар қарама-қарсы екі топқа бөлінді: бірі Кенесары жағында болса, екіншісі патшаның жүргізген саясатын қолдады.

Кенесары Қасымов хан, саясаткер, дипломат ретінде қазақтың үш жүзі руларының едәуір бөлігін өз туы астына біріктіре алды. Оның әскерінің жалпы саны кейде 20000 адамға дейін жетті. Халықтың бас көтеруіне Орта жүздің көптеген сұлтандары мен билері қосылды.

Кенесары бастаған халық көтерілісінің ауқымы кең болды, ол XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы азаттық жолындағы өзге қозғалыстардан қазақ рулары көп қоныстанған негізгі аудандарды қамтуымен ерекшеленеді.

Кенесары мемлекет құрылымына көп көңіл бөлді, елді басқаруда жаңа құрылымдар мен ережелер енгізді, сонымен бірге істен шығарылған құрылымдарды қайта қалпына келтірді. Әскер қатарында қатаң тәртіп орнатты. Әскерді ұзақ дала соғыстарына бейімдеу үшін мыңдықтар мен жүздіктерге бөліп, басқару құрылымын құрды. Ол қажет ақпараттарды жеткізіп тұратын тыңшыларына да сүйенді, саяси күрес пен дипломатияның тиімді әдістерін қолданды. Мемлекеттің ішкі саясатын хан өзі қатаң бақылауға алды, ру аралық қақтығыстардың жолын кесті.

Үш жүздің қазақтарының біріккен ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қатты алаңдатты. 1843 жылы 27 шілдеде Николай I «империя құрамындағы қазақ хандығына қарсы ең көлемді әскери қозғалыстарға рұқсат беретін басқа мемлекет болмауы тиіс» деген қарарға қол қойды.

Бір кезеңде патша әскерлерімен және ымыраға келмес сұлтандармен күрес жүргізген Кенесары 1843–1844 жж. біраз жеңістерге қол жеткізсе де, шегінуге мәжбүр болды. Шегіне келе Кенесары қырғыз жеріне шекаралас Ұлы жүздің аумағына орналасты. Ханның келесі бағыты қырғыз халқын орыс отаршылдығына қарсы ортақ күреске көтеру болды, алайда ол манаптар тарапынан күшті тойтарысқа тап болды.

1847 жылы Кенесары хан Тоқмақ маңындағы екі жақтың күші тең емес шайқаста қаза болды [22].

Ұлы Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісінде қандай қолбасшы, тарихта қандай ұлы тұлға болғандығы туралы орыс тарихшысы Н.Н. Середя өз зерттеулерінде жан-жақты ашып жазған. Ал ағылшындық Томас Аткинсон Кенесары Қасымұлы туралы былай деп жазды: «Кенесары қазақтардан ғажайып жауынгерлер даярлады. Найза мен айбалтаны тамаша игерген, шапшаңдығына көз ілеспейтін жігіттері өзінен күші басым жаудан қаймықпай соғысып, жеңіп шыға беретінін естігенім бар. Егер білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскер құрар еді. Оларға тарихта даңқы асқан Шыңғыс хан жиһангерлерінің керемет қасиеттерінің бәрі тән». Ресейдің әскери тарихшысы В. Потто кезінде Кенесарының қазақтардың Шамилі деп те атаған. Кенесары Қасымұлының өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кенесары Наурызбай дастаны» 1875 ж. сұлтан Жантөриннің тәржімесімен «Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарияланды. XX ғасырдың 30-жылдары М. Әуезов «Хан Кене» пьесасын, 60-жылдары І. Есенберлин «Қаһар» романын жазды. 1888 ж. Ташкентте «Кенесары мен Садық» деген атпен шыққан Кенесарының баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болды. Кеңес үкіметі тұсында Кенесарының күрес жолына іргелі ғылыми-зерттеу арнаған тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов саяси қуғын-сүргінге ұшырады [11; 202].

Кенесары Қасымовтың сіңірген тарихи еңбегі — ол қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды. Кенесары ханның саясаты және идеологиясы ұлттың даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды. Сондықтан да Кенесары Қасымұлы тұлғасына жаңаша қарап, оның шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке жеткеннен кейін ғана қолға алынды. 2002 жылы Кенесары ханның туғанына 200 толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті. Астана қаласында Кенесары ханға ескерткіш қойылған және атымен аталатын көше бар.

Қорыта келе айтарымыз, қазақ елінің соңғы ханы Кенесары опат болғаннан кейін ғана, Қазақ хандығы 1847 ж. жойылды деп есептеу керек. Қазақстанды Ресей 1865 ж. толық жаулап алды. 1868 жылдан отарлау басталып, ол 1991 жылға дейін созылды.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанды тәуелсіз Республика деп жариялады. 200 жылдай патшалы Ресейдің отары, 70 жылдан астам Кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан егеменді ел болды. Бұл күн — Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Тайшығашова С.* Қазақ хандығының қоғамдық құрылысы (XV–XVIII ғасырлар) // Қазақ тарихы. — 2009. — № 2. — 57–59-б.
- 2 *Нәукенұлы Б.* Тарихтағы қазақ хандары // Қазақ тарихы. — 2005. — № 1. — 106–115-б.
- 3 *Ғизатов Ж.* Қасым хан // Қазақ тарихы. — 2005. — № 4. — 23–27-б.
- 4 *Ахметова С.* Қазақ хандығының нығаюы // Қазақ тарихы. — 2005. — № 5. — 91–92-б.
- 5 *Тұрысов Е.* Ақназар ханның ақ жолы // Егемен Қазақстан. — 2013. — 6 наур.
- 6 *Жаппасов Ж., Тасилова Н.* Шығай және Тәуекел хандардың тұсындағы Қазақ хандығының саяси тарихындағы өзгерістер // Ақиқат. — 2013. — № 6. — 100–104-б.
- 7 *Салғараұлы Қ.* Шығай хан // Түркістан. — 1996. — 5 маусым.
- 8 *Тұрғынбекқызы А.* Қазақ хандығы // Қазақ. — 2010. — № 34–35 (495–496). — 20–27 тамыз. — 9-б.
- 9 *Тойшанұлы А.* Еңсегей бойлы ер Есім // Жұлдыз. — 2012. — № 11. — 259–262-б.
- 10 *Даутбаев М.* Қазақ шежіресі. — Шымкент: ЖК «Байтасов Б.С.» баспасы, 2012. — 96 б.
- 11 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — Бірінші кітап. — Алматы: Өнер, 2011. — 304 б.
- 12 *Сағынғалиева Б.* Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы // Қазақ тарихы. — 2010. — № 5 (104). — 58–60-б.
- 13 *Назарбаев Н.* Жетісу далаларында көшіп-қонып жүрген... // Қазақ тарихы. — 2006. — № 2. — 5–6-б.
- 14 *Әбжанов Х.* Қазақ мемлекеттігі тарихын дәуірлеу ұстанымдары // Ел. — № 46 (71). — 2006. — 16 қараша. — 3-б.
- 15 *Мұқтар Ә.* Әбілмәмбет хан туралы жаңа пайым // Егемен Қазақстан. — 2012. — 15 қараша.
- 16 *Айдарқұлова А.* Абылай хандығы // Қазақ тарихы. — 2010. — № 4 (103). — 56–57-б.
- 17 *Шәмші Ж.* Абылай хан туралы тарихи деректер // Қазақ. — № 42 (662). — 2013. — 18 қазан. — 6-б.
- 18 *Қасқабасов С., Әбсадықов А.* Аңызға айналған ардағымыз // Егемен Қазақстан. — 2013. — 28 мамыр.
- 19 *Әбжанов Х., Әбуев Қ.* Абылай: көне шындыққа жаңа көзқарас // Егемен Қазақстан. — 2013 ж. — 20 ақп.
- 20 *Жолбағазев Е.* Керейден Кенесарыға дейін, немесе Қазақ хандығының құрылуы, отарлануы және жойылуы хақында // Парасат. — 2007. — № 7. — 27–29-б.
- 21 *Қуандық Е.С.* XIV және XX-шы ғасырлар аралығындағы қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар: Оқу құралы. — Алматы: Дәуір, 2013. — 592 б.
- 22 Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік бас. // Құраст.: Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. — 376 б.

Р.С.Каренов

Казакское ханство: формирование, развитие, падение

К 550-летию создания Казакского ханства

Рассматриваются предпосылки образования Казакского ханства в середине XV столетия. Подчеркивается, что попытка преодоления политической разобщенности частей казакского народа в разных государственных объединениях выпала на долю первых казакских ханов — Жаныбека и Гирея. Отмечается, что объединение казакских родов и племен в составе нового государства — Казакского ханства — шло сложным путем. Делается вывод, что сложение Казакского ханства, внутреннее его развитие, своя система ценностей, особенности склада народного характера неоднократно должны были выдержать испытания на прочность. Доказывается, что в условиях современного независимого Казахстана, когда стали возможны плюрализм и свобода слова, вернули народу незаслуженно забытые имена выдающихся казакских ханов, в числе которых прежде всего последний хан казакских жузов, внук Абылай-хана — Кенесары Касымов.

R.S.Karenov

Kazakh khanate: formation, development, falling**To the 550 anniversary of the Kazakh khanate**

Prerequisites of formation of the Kazakh khanate in the middle of X Y are considered centuries. It is emphasized that attempt of overcoming of political dissociation of parts of the Kazakh people in different state associations fell to lot of the first Kazakh khans — Zhanybek and Girey. It is noted that association of the Kazakh childbirth and tribes as a part of the new state — the Kazakh khanate — went a difficult way. The conclusion is drawn that addition of the Kazakh khanate, its internal development, the system of values, features of a warehouse of national character repeatedly had to pass tests for durability. It is proved that in the conditions of modern independent Kazakhstan when the pluralism and a freedom of speech became possible, returned to the people unfairly the forgotten names of outstanding Kazakh khans, among which first of all the last khan of the Kazakh shoes, the grandson of Abylay-hana — Kenesary Kasymov.

References

- 1 Tayshygashova S. *History of Kazakhs*, 2009, 2, p. 57–59.
- 2 Naukenuly B. *History of Kazakhs*, 2005, 1, p. 106–115.
- 3 Gizatov Zh. *History of Kazakhs*, 2005, 4, p. 23–27.
- 4 Akhmetova S. *History of Kazakhs*, 2005, 5, p. 91–92.
- 5 Turysov E. *Egemen Kazakhstan*, 2013, March, 6, p. 5.
- 6 Zhappasov Zh., Tasilova N. *Akikat*, 2013, 6, p. 100–104.
- 7 Salgarauly K. *Turkestan*, 1996, June, 5, p. 3.
- 8 Turgyzbekkyzy A. *Kazakh*, 2010, 34–35 (495–496), on August, 20–27, p. 9.
- 9 Toyshanuly A. *Zhuldyz*, 2012, 11, p. 259–262.
- 10 Dautbayev M. *Family tree of Kazakhs*, Shymkent: Publ. house of the business owner of «B.S.Baytasov», 2012, 96 p.
- 11 *Historic figures of the Kazakh people: Short reference book. Book the first*, Almaty: Oner, 2011, 304 p.
- 12 Sagingaliyeva B. *History of Kazakhs*, 2010, 5 (104), p. 58–60.
- 13 Nazarbayev N. *History of Kazakhs*, 2006, 2, p. 5–6.
- 14 Abzhanov Kh. I «ate» installations on a periodization of history of the Kazakh state, 46 (71), 16 of November, 2006, p. 3.
- 15 Mukhtar A. *Egemen Kazakhstan*, on November, 15, 2012, p. 8.
- 16 Aydarkulova A. *History of Kazakhs*, 2010, 4 (103), p. 56–57.
- 17 Shamsy Zh. *Kazakh*, 42 (662), October, 18, 2013, p. 6.
- 18 Kaskabasov S., Absadykov A. *Egemen Kazakhstan*, May, 28, 2013, p. 5.
- 19 Abzhanov Kh., Abuyev K. *Egemen Kazakhstan*, February, 20, 2013, p. 5.
- 20 Zholbagayev E. *Parasat*, 2007, 7, p. 27–29.
- 21 Kuandyk E.S. *Lectures about stories of the Kazakh people in the period of XV the XVIII centuries: Manual*, Almaty: Daur, 2013, 592 p.
- 22 *Historic figures. Informative popular edition // Authors B.Togysbayev, A.Suzhikova*, Almaty: Almatykitap LLP, 2006, 376 p.